Шығ.№13, 25.10.2019 ж.

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан
облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит
департаментінің " РМК басшысына

ЖК «Жаимбетов» атынан
Директоры Т.З.Жаимбетовтан
ЖСН 860311303152
Тел:8707-942-66-86

ЖК «Жаимбетов» конкурстың **№3640210-1,** 27417286-ОК1 лотына Тасымалдау қызметі бойынша қатысқан болатын.

Осы конкурстың 24.10.2019 жылы шыққан қорытындылар туралы хаттамамен келіспейтінімді мәлімдей отырып, конкурстың жеңімпазы атанған **«Шаңырақ» ӨК** конкурсқа негізсіз жіберілгенін хабарлаймын.

Өйткені, **«Шаңырақ» ӨК** тарапынан ұсынылған 2 техника конкурс талаптарына сай келмейді. Конкурс талабы бойынша тіркемесі бар ауыр жүк көлігі болу тиіс деп сұралған. Алайда, **«Шаңырақ» ӨК** тарапынан ұсынылған 2 жүк көлігі конкурс талаптарына сәйкес келмейді. Олар:

1. Howo Zz4257 көлігі **самосвал** екенін ескерсек конкурс талабына сәйкес келмейді. Яғни, прицепті тартуға арналған седельный тягачтың орынын ауыстыра алмайды. Ал полуприцеп өздігінен жүре алмайтын тіркеме(прицеп) болғандықтан, оған қосымша сүйреуші техника (сед. тягач) ұсынылуы міндетті.
2. Камаз 65115 015-13 көлік техникасы да **самосвал** болуына байланысты конкурс талабына сай емес.
3. Біліктілігі туралы мәлімет қағида бойынша дұрыс толтырылмаған. Яғни, еңбек ресурстары туралы мәліметтерде мамандықтың атауы жазылмай (маманның атауы жазылатын орынға B,C,E, 1, 1, 1 жазылған), қағидада белгіленген талаптар сақталмаған.

Сонымен қатар, осы конкурстың хаттамасы бойынша **ЖК «Жаимбетов»** тің жұмыс тәжірибесі ескерілмей, шартты жеңілдіктер қаралмаған. Өйткені, біліктілік туралы мәліметтердің көрсетілген қызметтер тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер бөлігінде ЖК «Жаимбетов»тың орындаған қызметтері туралы ақпараттар енгізіліп, электронды көшірмесі толық ұсынылған. Ұсынылған қызметтер бойынша жұмыс тәжірибесі 2014,2017,2018,2019 жылдар бойынша 7 дана тасымалдау қызметін ұсынғанын ескеріп ЖК Жаимбетовке 4,6% шартты жеңілдік ұсыну қажет болатын. Алайда, конкурстық комиссия шартты жеңілдіктерді ескермеген.

Жоғарыда келтірілген мәліметтер бойынша **ЖК «Жаимбетов»,** Сізден осы конкурстың қорытынды хаттамасын қайта қарауды сұранады.

ЖК «Жаимбетов»
директоры **Т.З.Жаимбетов**